# «Абай облысының №48 учаскесінде 2019 жылғы 03 сәуір №48-EL барлау лицензиясы бойынша арналған қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары үшін КОРБ, РЕТН, ҚББ, ӨЭББ, ІсЖ» бойынша ашық жиналыс түрінде өткізілген қоғамдық тыңдау хаттамасы

1. **Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:**
Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Көкентау ауылдық округі, Көкентау ауылы, Н. Майтканов 29

**2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:**

«Абай облысының №48 учаскесінде 2019 жылғы 03 сәуір №48-EL барлау лицензиясы бойынша арналған қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары үшін КОРБ, РЕТН, ҚББ, ӨЭББ, ІсЖ» *(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)*

3. **Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:**

- ҚР ЭГТРМ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ, РМК.,
- «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. **Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: :** Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Көкентау ауылдық округі, Көкентау ауылы, №48 учаскесі, Географиялық координаталары: 49°55'0" с.ш. 79°5'0" в.д. *(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)*

5. **Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:** «Абай облысы, Көкентау ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ *(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)*

6. **Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:** ЖШС ASTANAGEOGARANT, БСН: 180440031049, Астана қ., Есіл а., Туркестан көш., 14а., тел: +7 777 906 66 66 *(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)*

7. **Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің**

**деректемелері мен байланыс деректері:** «EcoProjectCompany» ЖШС., Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі 3В., БСН: 200540023731; e-mail: ecoproject.company@bk.ru. Тел.: 8702 557 40 58.

*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)*

8. **Қоғамдық тыңдаудың өткізілетін күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күні және уақыты):** 2026 жылғы 24 ақпан, жергілікті уақыт: 11:00, Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Көкентау ауылдық округі, Көкентау ауылы, Н. Майтканов 29

Сондай-ақ, ZOOM бейнеконференция байланысы арқылы.

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: 2026 ж. 24.02. сағат: 10:55.

Қоғамдық тыңдаудың басталған уақыты: 2026 ж. 24.02. сағат: 11:00.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталған уақыты: 2026 ж. 24.02. сағат: 11:55.

*(қатысушыларды тіркеудің басталатын күні, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)*

9. **Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.** №1 және №2 Қосымшада ұсынылады.

10. **Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.** №3 Қосымшада ұсынылады.

11. **Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:**

1) Бірыңғай экологиялық порталда: https://ndbecology.gov.kz/#hearings

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat

*(ресми интернет–ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)*

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Жаңарған Жаңа Семей» газеті, 2026 ж. 21 қантар.

*(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)*

«Авторадио Казахстан» радиотолқыны – 2026 ж. 22.01. эфирлік анықтама.

*(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы*

*хабарландырудың видео және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)*

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, 1 мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру. Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Көкентау ауылдық округі, Көкентау ауылы, Н. Майтканов 29 мекенжайлары.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар 4-ші Қосымшада қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы: Жұмағали Ә.Б.

Қоғамдық тыңдау хатшысы: Батырбаев А. К.

Хатшыны таңдау туралы:

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар саны: «қарсы емес» - 15 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалды» - 0 адам.

*(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")*

Регламентті бекіту туралы: «қарсы емес» - 15 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалды» - 0 адам.

*(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")*

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Исмаилов Дархан Сериккадырович ЖШС ASTANAGEOGARANT экологы.

*(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)*

«Абай облысының №48 учаскесінде 2019 жылғы 03 сәуір №48-EL барлау лицензиясы бойынша арналған қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары үшін КОРБ, РЕТН, ҚББ, ӨЭББ, ІсЖ» бойынша қазақ тіліндегі баяндама мәтіні – 2 парақта, презентация – 11 парақта.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіні осы қоғамдық тыңдау хаттамасына №5 Қосымшада беріледі.

*(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)*

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдау хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын, мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі – 6 Қосымшада ұсынылады.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған

баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Баяндаманы «Eco Project Company» ЖШС инженер-экологы Исмаилов Дархан Сериккадырович презентация түрінде толық көлемде ұсынды.

Құжаттама бірыңғай экологиялық порталдың сайтында (https://ndbecology.gov.kz/) орналастырылатын болады.

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)*

16. **Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.**

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы:

Жумагали Э.Б.

Қолы: ______ Күні: 2026 ж. 24.02.

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

18. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы:

Батырбаев А К

Қолы: ______ Күні: 2026 ж. 24.02.

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

**«Абай облысының №48 учаскесінде 2019 жылғы 03 сәуір №48-EL барлау лицензиясы бойынша арналған қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары үшін КОРБ, РЕШН, ҚББ, ӨЭББ, ІсЖ» бойынша ашық жиналыс түрінде өткізілетін қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы.**

Өткізу уақыты: 2026 жылғы 24 ақпан, жергілікті уақыт 11:00

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, бастамашы) | Байланыс телефоны нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Батырбеков А.К | ТОО „Eco Project Company" | 8777-900 7707 | жеке | [signature] |
| 2 | Кайратов Б.К. | ИК „Міржүлдыз kz" | 87016252550 | жеке | [signature] |
| 3 | Сарсембинов Н | ауыл тұрғыны | 87056030097 | жеке | [signature] |
| 4 | Ивашутина С.М | житель | 87776210479 | жеке | [signature] |
| 5 | Амирбекова З. | житель | 87772483024 | жеке | [signature] |
| 6 | Нуруша М. | житель | 87716244975 | жеке | [signature] |
| 7 | Каракатова Э. | житель | 87775826466 | жеке | [signature] |
| 8 | Искаков Р | житель | 87052822747 | жеке | [signature] |
| 9 | Кабпшев Х | житель | 87711537893 | жеке | [signature] |
| 10 | Мурзаканов Б.О | Гульрайхан ШҚ басшысы | | онлайн | |
| 11 | Әділет Бағдатұлы | ШҚ Гульрайхан өкілі | | онлайн | |
| 12 | Исмаилов Р.С | ТОО Eco project company" | 87779066666 | жеке | [signature] |
| 13 | Аскарғалиева Э.А | УПРиРП область Абай | 87779805737 | онлайн | |
| 14 | | Департамент Экологии Абай обл | | онлайн | |
| 15 | Жумағали Ә.Б | Әкім Көкентау | 8777319100 | жеке | [signature] |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

**«Абай облысының №48 учаскесінде 2019 жылғы 03 сәуір №48-EL барлау лицензиясы бойынша арналған қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары үшін КОРБ, РЕТН, ҚББ, ӨЭББ, ІсЖ» бойынша өткізілген қоғамдық тыңдау барысында қатысушылардан берілген ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

Өткізу уақыты: 2026 жылғы 24 ақпан, жергілікті уақыт: 11:00.
Өткізу орны: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Көкентау ауылдық округі, Көкентау ауылы, Н. Майтканов 29 мекенжайлары.

| № | **Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары** *(қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)* | **Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар** *(жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)* | **Ескерту** *(алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")* |
|---|---|---|---|
| **Қоғамдық тыңдау барысында қойылған сұрақтар мен ұсыныстар** | | | |
| 1 | **Искаков Р. Ауыл тұрғыны** – Сонда сіздерде бурениемен зерттейсиздерме әлде траншеямен ба? | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company» -** Бізде бурение болады бұрғылау жұмыстары және траншея болғанда проходка канав дейді ғой болады бұл жерде. Проходка канав дегеніміз қазір көлемін айтып жіберейін. Проходка канав - Арықтарды үңгілеу; 1-ші жылы болмайды, 2-ші жылы – 200 п/метр, 3-ші жылы – 300 п/метр, 4-ші жылы - 500 п/метр. Бұл не дегеніміз: Мынадан артық болмайды. Мысалы 200 п/метр жылына максимально және керекті кезде, жоспар. Канавканың тереңдігі 1,5 метрден астам болмайды, кеңдігі 1,5 метр. Сосын ең алдында айтып өткендей жоба бойынша 200 п/метр жаңағы қазу деген қараңыз кейбір кезде 10 п/метр мына жерде, 20 ана жерде сосын бір жерде қазсақ келесі участокқа көшпеймиз,ананы рекультивация жасап сразу көміп тастаймыз да сосын келесіне көшеміз | снятое |
| 2 | **Искаков Р. Ауыл тұрғыны** – Сұрақты да сол үшін қойып жатырмын ғой, қазып қазып тастап кетеді | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Ия түсінем сізді казір айтып отырғаным сол, негізі өзім Семейденмін және түсінем сізді өйткені халықпен сөйлескенде шынымен де олар айтады: кейбір компаниялар қазып кетеді де кетіп қалады, сондықтан соны | снятое |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | болдырмас үшін соны жобаға қосып қойдык – бір участок қаздық сосын рекультивация жасадық сосын келесіне көштік. | |
| 3 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау**: Сіз траншея қазамыз деп отырсыздар, траншея казған кезде, трашеянын қоршауы болама, ол жерде қожалықтар бар, және олардың малдары: мысалы жылқылары түсті деген жағдай болмас үшін | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Біз траншеяны казғанда сол кезде естественная ограда деген, шығарған жерді канаванын екі жағынан жинаймызда естественный забор қылдырамыз. | снятое |
| 4 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Ал негізі бұл жұмыстар бойынша алдын ала қожалыктармен сөйлестіндерме? Қарталарын бойынша сіз жіберген қарталарынды мен қарап шықтым сол жерде қожалықтар бар екен, олармен сөйлескен жоқсызба? | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company» -** Қожалықтармен жок, алдын ала сөйлескен жоқпыз, бізге ең маңыздысы қазір жергілікті халықпен бөлісу | снятое |
| 5 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Барлау жұмыстары сіз көрсетіп отырған учаскіде жұмыстардын көлемі қанша жүргізіледі, мысалы канша гектар, шаруа қожалықтар мысалы 100 гектар болса полностью 100 гектарда жұмыстар жүргізіле ме? | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Жұмыстардын көлемі болғанда қазір мен сізге накты общий объемын айтып берем, бұрғылау жұмыстары п/метр 22500, бұл максимально алғанымыз, одан артық болмайды. Точечное колонковое бурение – бұл мысалы колонковое бурение дегеніміз бұргыладык сосын керн шыгады ортасындағы колбаса сияқты, соны алып лабораторияға жібереміз де зерттейміз. Ана жактан ана жактан алып отырамыз пробаны точечно | снятое |
| 6 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Енді сіз қазір барлау жұмыстарын жүргізесіздер, одан кейн департамантқа тапсырасыз ғой, міне біз осы жерден пайдалы қазбаларды қазайык деп едік деп, рұқсат сұрап? | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Ия, ол бөлек жоба болады | снятое |
| 7 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Барлау жұмыстарын кім жүргізеді? | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company» -** ASTANAGEOGARANT компаниясы | снятое |
| 8 | **Жұмағали Әділет** | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz,** | снятое |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Болатұлы – әкім Кокентау** Жұмысшы аласызба сіздер? | **ASTANAGEOGARANT –** Ия аламыз, список бар болса аламыз Саржалдан да аламыз ауылдан да, | |
| 9 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** График қандай болады сонда? 15х15 | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT –** Суздальдікіндей келешекте, казір басқаша 21х7 | снятое |
| 10 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Енді мына кісі ауыл тұрғыны жақын жерде жұмыс болмаған сон Аягөзден ары қарай Шарда жұмыс істеп жатыр, енді осындай азаматтарды ауылға жақын жерде жұмысқа орналастырсақ, бұл кісі сварщик | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT –** 3-4 ай бұрын біз әкіматта отырғанда облыстық, сізде болдыңыз, әкім района болды сол кезде мен жеке айттым списокты беріңіз деп осындай кісі осындай маман деп. 1 адам емес, 10 адам, 20 адам болсын. Ауылдың тұргындары болсын да. Список, резюме бәрін беріңіз | снятое |
| 11 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Қандай специалист керек сізге? | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT –** Любой жұмыссыз адам болса местный болса, списокқа қосып отдел кадровқа жібересіз | снятое |
| 12 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Бұрғылау жумыстарды қай уақыттан бастайсыз | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** 2026 жылы Май айынан жоспарлап жатырмыз | снятое |
| 13 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Енді барлау жұмыстарын жүргізетін компания ASTANAGEOGARANT Астана да тіркелген ба? Біздің жаққа тіркелу, әлде уақытша тіркелесіз ба? Кокентау, Жаңа Семей ауданына тіркелсендер, өйткені жаңа аудан жанеде жергілікті бюджеттін табысын көбейту үшін | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT** Ол Абай облысына обязательно тіркелеміз **Батырбаев А.К. «ТОО Eco Project company» -** Түсіндіріп жіберейн егер ол Астанада тіркелсе юридическое лицо, жұмыс жүргізілген жерінің налоговыйына түседі, мысалы Кокентау болса сол ауылдын налогына барады. Районына барады | снятое |
| 14 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Бізде бюджетті жоспарлау үшін квартал бойынша қанша төлеп отырасындар, сол ақпарат жіберсеніз | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Бізге қазір ең алдымен заң бойынша рұқсат алып, содан соң ақпаратты жібереміз | Снятое |
| 15 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Менде тағы бір сұрақ: сіздің презентацияда қоршаған ортаны ластау бойынша бюджет қарастырылған ба? ЖСШ абаттандыру бойынша, әлеуметтік жағдай бойынша | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Иә, қарастырылған. Бұл жерде қараңыз, мен қазір сіздердің ұсыныстарыңызды. Әлеуметтік жағдай менің құзыретімде емес, бірақ мен оны басшылыққа жеткіземін. Ең | снятое |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | меморандум жасау қарастырылады ма?<br><br>**Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Жоқ, ол Miryildyz, ASTANAGEOGARANT тарапына ондай жоқ па. | бастысы – барлау жұмыстары нәтижесінде бір нәрсе табу үміт қой. Егер де шынымен бір нәрсе болса, жақсы бола берер еді. Толығырак Бауыржан айтады.<br>**Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT** Сол жұмысты бастадық, есіңізде емес пе?<br>**Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Мен сізге түсіндіріп берейін. Miryildyz компаниясы МФЦА-да орналасқан, официально юридически инвестор ретінде тіркелген. Ол Қазақстанға келіп, 3 млн долларға ASTANAGEOGARANT компаниясын сатып алды. То есть, Miryildyz – ASTANAGEOGARANT-тың 100% иесі, дочерняя компания. Лицензия осы жақта, МФЦА ана жақта. Қазір Miryildyz басқа облыста, Жамбыл облысында ма, Ақтөбе облысында ма, 2–3 жер сатып алады. Бұл – головной компания.<br>ASTANAGEOGARANT – Абай облысында орналасқан компания.<br>Miryildyzден акша туседы инвестиция сол бургылау жумыстарга жумсайды, Потом да, подарок болады, әрі ол и так жасалып жатыр, даже бұрғылау жұмыстары басталудан бұрын басталды. Мен өзім бастадым, мен өзім Семейденмін, өзім келдім, өзім істеп жатырмын. Саржал ауыл округімен бірге келіп, давайте бірге, список беріңдер, кім жұмыссыз жүр. Мешітке көмектесіп жүрміз. Ол проблема жоқ, ол жұмыстарды бастадық. | |
| 16 | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Жоқ, мен оны түсіндім, ASTANAGEOGARANT получается жеке компания. Иә, былтырлары көмек жасадыңыздар. | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Жоқ, ол дочерняя компания. Егер бұрғылау жұмыстары жақсы өтсе, нәтижесі шықса, көмегі одан да көп болады. Қазір ештеңе қазып жатқан жоқпыз, камаз жүрген жоқ, уже көмек шығып жатыр. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | **Искаков Р - ауыл тұрғыны**<br>Он бес те он бес қашан болады екен? | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Пока белгісіз, қазір жер сұрай жатырмыз ауыл округінде, бірақ ол бос емес.<br>ASTANAGEOGARANT қазір істеп тұрған жоқ, құрылыс жоқ, жерде жоқ, істен жоқ.<br>**Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Олар бізден 100 га жер сұрап жатыр, бүгінгі иесі бос тұрған кенес салынды ғой 2022 жылы, соны нақты иесін, сол гектарға лагер салмақшы ғой. | |
| 18 | **Искаков Р - ауыл тұрғыны**<br>Кірпіш тасып жатыр, Камазбен.<br>Кім екенін білмеймін ғой | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Кім? Тоқтатып сұрай салыңызшы, біз емес. Бізде жер жоқ, қайда тасимыз? | |
| 19 | **Искаков Р - ауыл тұрғыны**<br>Жұмысшылар қайда тұрып жатыр сонда? | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Контейнерде, Гульрахайнерка КХ баргой сонын жанында<br>**Аділет Болатұлы – әкім Кокентау:** Марат ағаның территориясында Морской контейнер бар ғой, сонда тұрып жатыр.<br>**Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Жер керек, жер жоқ, жұмыс басталмайды ғой, көреміз енді. Жұмыс басталады бір айдың ішінде басталады. Жер болса бір айдың ішінде, сол жерде примерно айтайын сіздерге 50 адам жұмыс жасайды. Жер ертерек алса уже 1 наурызда бастап адамдар зарплата алып бастайды, ертерек алсақ 1 апрельден бастап алады и плюс сезонға дайындалу керек, сезон ол 1 апрелде басталады. Жана жылға дейін біз жібердік запрос КХ тур<br>**Искаков Р - ауыл тұрғыны**<br>Ол бос тұрған КХ, мал ұстамайды<br>**Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Гос собственностьке берсін, и біз государстводан аламыз сонда, заң бойынша арендамен, пока видите білмейміз кім иесі, қайда жүр. Оны біреу қолдау керек, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әкім мырза | |
| 20 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Түсінікті ластанады гой енді, бәрібір цианид жүрген жер ластанады сонда мына ауылға келіп пайда қандай болып тұр ауылға? Мына қасындағы Суздаль бар мысалы ауылға көмектесіп жатыр. Ал сіздерден қандай көмек болады? | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company» -** Мен өз жағымнан айта алам – бұл экономика жағынан: жана жұмыс орындар, жане қасымда ASTANAGEOGARANT өкілі Қайратов Бауыржан ол толығырак жауап бере алады<br>**Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Осы тындаулар бұрғылау жұмыстары туралы, одан кейн осынын бәрінің нәтижелері жақсы шыкса әрине завод салынады, нәтижелері шықпаса завод салынбайды деген сөз. Сіз цианид дейсіз бұл жерде еш цианид жоқ. Буровая установка жердің астына қарайды не бар не жок екенің. Сосын лабораторияға тапсырады, | Снятое |
| 21 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** В дальнейшем Завод салынатын болса, зияны келеді ғой халыққа? Кандай пайда сонда халыққа, қандай көмек бере аласыздар? | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Ол бөлек қой!<br>Ол жағын мен сізге қазір қалай айта алам? Завод дейсіз, осы тыңдаулар бұрғылау жұмыстар туралы. Заводқа әлі 5-6 жыл бар. Оған бөлек тындаулар да болды, бәрі бөлек болады.<br>**Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Қазіргі жұмыстар бұл барлау жұмыстары разведка, алдымен разведканы істеп алған сон, бір нәрсе бар деп, табылды деген, нәтижесі бар болған кезде, біз келесі қоғамдық тыңдау жңадан бастап Қазып алу деген. Қазір разведка, точечно бұрғылап, пробаны алып лабораторияға жібереміз, лабораторияда зерттейді бар ма жоқпа дегендей. | Снятое |
| 22 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Енді сіз зерттеп жатсызгой, бар болмаса қозғалмайсызғой, барғой значит | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT**<br>Ол жұмыстар 5 жыл бұрын болды, ASTANAGEOGARANT 5 жыл бұрын зерттеуді бастады, әлі жалғастырамыз ол жұмысты 10 жыл жасаймыз ол жұмысты блоктармен. | Снятое |
| 23 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Сіздер | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Бағдат қараңыз бұл жерде разведка | Снятое |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | глубинаға түстіңіздер ғой, глубинада бар ғой значит. Алтын болмаса беттен жұмыс істемейсізғой дұрыс па? | болды енді жалғастыру үшін рұксат сұрап жатырмыз, өйткені рұқсатсыз біз заң бойынша жұмысты жалғастыра алмаймыз. Сондықтан рұқсатты мемлекеттен алу үшін, қоғамдық тыңдауды жүргізу керек. Қазір біз жүргізіп жатырмыз. Ал сіз айтып отыр отырғаныныздай бар ғой дегенде әлі білмеіміз, рас. Өйткені бар болса біз қазуға ұоғамдык тындау жасаушы едік. Қазір барлауға, ойткені барлау жұмыстары жалғасып жатыр. | |
| 24 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Ары қарай тағы да бұрғыламакшы сіз гой? | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT** Ия, Аягөзден Баянаулға дейн | Снятое |
| 25 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Сіз 500 метрге глубинаға түсіп кетіңіз дұрыспа? 468 метр. Енді барғой значит, алтын болмаса тоқтап қаласыз гой | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT** Сіз геологсызба?Оны біз айта алмаймыз, біз оны Қытайға жибереміз, Турцияға жібереміз, Қарағағандыға жібереміз и Ресейге, онда лаборатория, мамандар бар. Олар кернді образецты карап айтады барма жоқпа. Қазір айта алмаймыз. | снятое |
| 26 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Енді барғой значит, алтын болмаса тоқтап қаласыз гой | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Бағдат аға олар Саржал ауылдық округінің территориясында барлау жұмыстарын бітіріп енді Кокентау ауылдық округінің териториясында барлау жұмыстарын жүргізеді. | снятое |
| 27 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Қай жерде жүргізеді? Қай жерде бастамақшы? | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Мына жерде бұрында Елькентай деген қожалық болған, Мирас деген шаруа қожалық | снятое |
| 28 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Халыққа қандай пайдасы келеді деген сұрақ қойып тұрмын ғой? Қазір бұрғылап бұрғылап, қопарып қопарып кетесіздер Аллахпыр боп | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Бағдат аға мен сіздің сұрағынызды түсіндім ауылға қандай көмек көрсететіні. Бұл мәселе бойынша біз алдында сіздердің учаскілеріңізге барып Эрдем Эмрах генеральный директормен кездескен болатынбыз, олар егер ертен алтын қоры далелдері шығып жататын болса, алтын төгілген кезде Саржалға және Кокентауға көмек көрсетеміз деп айтқан | снятое |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | болатын | |
| 29 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Ауызша? Меморандум жоқ қой? | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Ия, ауызша өйткені ол кісі айтады біз қаір алтыннын бар жоғын зерттеп егер өздерінінң бір сөздері бар екен «алтын тогілген кезде» сол кезде көмек жасай аламыз, дәл қазір уәде бермеймін деді, егер уәде беретін болсаммен соны орындауым керек | снятое |
| 30 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Әділет мысалы жаңағы Суздаль Кокентауда тұр ол енді жыл сайын комегін беріп отырғой мектепке болсын, халыққа болсын. Ал мына кісілерден осындай отдача жоқ например. Ана жолы жай бір біраз кісіге подарка таратты ал енді алтын шыққан жерді беліннен қазып жатыр ғой | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Ия ол кісілер былтыр көмек жасадыауыл тұрғындарына, 50 тонна көмір акеліп берді, сосын әр ауыл тұрғындарына өз сыйлықтарын берген болатын, енді осылай арықарай көмек жалғастыратын боламыз деп айтқан болатын. | снятое |
| 31 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Қазір де ауызша айтып отырғой соны енді көмек жалағасады деген сұрақтарға жауап болмай тұрғой, менін шырылдап тұрғаным сол ғой, халык неменеден пайда көреді например | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау** Бағдат аға бұл кісілер барлау жұмыстарын толық бітірмей бізге ертен мынаны салып берем, ананы салып берем деп уәде бере алмайды | снятое |
| 32 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Бәрі жерде мысалы 3-хсторонний договор жасалады ғой. Меморандум жасаган кезде Сол жерде көрсетілу керек буны егер шығып жататын болса халыққа осындай осындай көмек бере аламыз деп, сондай абзац косылама? | **Жұмағали Әділет Болатұлы – әкім Кокентау**: Меморандум **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT** Алтын барма жоқпа ешкім білмейді оны правильно же? Бір Алла Тағала біледі, соны білу біз барлау жұмыстарын өткізейн деп жатырмыз | снятое |
| 33 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Жана Меморандумға сен шарашкина контора емессінгой дұрыс па? Егер Шыгатын болса деп жазыңыздар | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT** «Егер шығатын болса көмек болады деп» Ия, жазайық меморандумға керек болса, проблема жоқ. | снятое |
| 34 | **Гулрайхан шқ өкілі Әділет Бағдатұлы** Ал енді бұрғылау | **Адiлет Болатұлы – әкім Кокентау**: Жоғарғы жағында бұл | снятое |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жұмыстары жүргізіледі ғой мысалға бір территорияда неше қазықтар туседі, сосын кетеді анализ алып,сосын сол жерде мал жүреді соны жауып кетема қалай болады? | кісілер айтып кетті жобада рекультивация болады деп **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Біз бұрғылау жұмыстарын жүргізгенде кішігірім участокты алып канаваны казып пробаны алып сосын сразу рекульвациялау. | |
| 35 | **Гулрайхан шқ өкілі Әділет Бағдатұлы** Потому что қазып казып кетіп қалады одан кейн бәрі калады | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT** Қазір ондай жоқ Деапртамент экологии бар, Заң бар | снятое |
| 36 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:**Егер завод салынатын болса открытый шахтный метод па или қалай сонда? | **Кайратов Б.К – ЧК Miryildyz, ASTANAGEOGARANT** Оған біз барлау жұмыстарын жүргізуіміз керек, кайдан білеміз открытый или шахта болама? Біз бұрғылау жұмыстардан кейін айта аламыз | снятое |
| 37 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Сізде болжам проекті бар ғой осындай глубинада алтын бар деп дұрыс па? Или алмаз барма? Медь барма? Отчетің бересіздер | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Барлау жумыстарында алтын әртүрлі жерлерде болуы мүмкін, сондықтан барлыұ учстокты барлап болған соң, специалисттер отырып мына жерде істеген дұрыс, ашык немесе жабық, қай жер дұрыс соны бізге айтады, әзірше болжау жоқ шынымен де. Қай слойда бар екенің анығырак болады. | снятое |
| 38 | **Мурзакенов Багдат Октябреевич Гулрайхан ШҚ басшысы:** Қазіргі меморандумға қосыныз көмек болады деп | **Исмаилов Д.С «ТОО Eco Project company»** Ия, қосамыз | снятое |

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 26201910001, Дата: 19.01.2026

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: область Абай, район Жанасемей, Кокентауский с.о.

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: «РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ для плана разведки твердых полезных ископаемых на участке в Абайской области по Лицензии на разведку №48-EL от 03 апреля 2019 года»

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Абайская область, район Жанасемей, Кокентау с\о, с. Кокентау, ул. Н. Майтканова 29, 24.02.2026 11:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (30 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Жаңарған Жаңасемей; Авторадио Казахстан

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Абайская область, район Жанасемей, Кокентау с\о, с. Кокентау, ул. Н. Майтканова 29

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

""ASTANAGEOGARANT"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 180440031049), +7(777)-906-66-66, ismailov.itg@gmail.com,

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "Eco Project Company"

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 26201910001, Дата: 21.01.2026

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26201910001, от 19.01.2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету «РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ для плана разведки твердых полезных ископаемых на участке в Абайской области по Лицензии на разведку №48-EL от 03 апреля 2019 года», в предлагаемую Вами 24.02.2026 11:00, Абайская область, район Жанасемей, Кокентау с\о, с. Кокентау, ул. Н. Майтканова 29(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

""ASTANAGEOGARANT"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 180440031049), +7(777)-906-66-66, ismailov.itg@gmail.com,

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "Eco Project Company"

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

БЕЙБІТ ЕЛДІҢ БАҒЫ - БІРЛІКТЕ

# ЖАҢАРҒАН ЖАҢАСЕМЕЙ

ABAI AIMAQ медиахолдинг

№ 3 (14)
21 ҚАҢТАР
2026 ЖЫЛ

СӘРСЕНБІ КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ - 2026

## Президент жаңа Парламентке «Құрылтай» деген атау беруді ұсынды

**Кеше, 20 қаңтар күні Қызылорда қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті.**

**Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретіне сақтап қалуымыз керек. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында айтты.**

Бұл форум елдің стратегиялық даму бағыттарын анықтайтын маңызды саяси-қоғамдық алаңға айналып отыр.

Президенттің сөзінің негізгі бағыттары:

Ұлттық құрылтайдың рөлі мен нәтижесі - Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың елдің реформалық үрдісіндегі айрықша маңызын атап өтіп, оның мүшелерінің бастамалары негізінде 26 заң қабылданғанын айтты. Бұл заңдар әлеуметтік саладан бастап құқық қорғау, мәдениет және мемлекеттік наградалар жүйесін жаңғыртуға дейінгі кең ауқымды мәселелерді қамтиды.

Әлеуметтік-экономикалық даму - Президент экономиканың өсім көрсеткіштеріне тоқталды, өңірлердің инфрақұрылымдық және әлеуметтік даму бағдарламаларын жалғастыру қажеттігін айтты.

Құқық пен қоғамды нығайту Мемлекет басшысы бала құқықтарын қорғау, неке институтын заң жүзінде бекіту және адам құқықтары саласындағы міндеттердің маңыздылығын ерекше атап өтті.

Конституциялық өзгерістер мен референдум - Президент Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылдағанын, және жақын арада жалпыұлттық референдумның уақытын анықтайтындығын айтты.



Вице-президент институты -Тоқаев жаңа лауазым -Вице-президент институтын енгізуді және оның құқықтық мәртебесін Конституцияға енгізуді ұсынды. Бұл лауазым халықаралық және ішкі байланыстарда мемлекет мүддесін білдіретін болады.

Ұлттық бірлік және мәдени құндылықтар - Қоғамдық сананы жаңғырту, патриотизмді нығайту, мемлекет рәміздерін құрметтеу тәрізді рухани және мәдени факторларға да назар аударылды.

Ұлттық құрылтай отырысы елдің саяси-экономикалық бағыттарын айқындаумен қатар, қоғамдық диалогты тереңдетуге және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға серпін береді. Бұл форумды әр жыл сайын әртүрлі өңірлерде өткізу дәстүрге айналып келеді.

***Мемлекет Басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың V Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінің толық мәтінің газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар.***

*«ЖЖ»-ақпарат*

**Жаңасемей ауданының Жастар ресурстық орталығының бастамасымен ұйымдастырылған «Қарттарға көмек көрсету» акциясы қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге бағытталған игі шаралардың бірі болды. Аталған акция аясында Шақаман ауылының белсенді жастары ауылдағы жалғыз басты қарияға қолдау білдіріп, нақты көмек көрсетті.**

## ҚАРТТАРҒА ҚОЛ ҰШЫН СОЗУ – ІЗГІЛІК ҮЛГІСІ



Іс-шара барысында жастар жалғыз тұратын қарияның үйінің ауласын қардан тазалап, күнделікті тұрмысына жеңілдік жасауға атсалысты. Қыс мезгілінде қариялар үшін ең өзекті мәселелердің бірі – аула мен кіреберіс жолдарды тазалау екені белгілі. Осыны ескерген жастар ешқандай міндеттемесіз, шынайы жанашырлықпен іске кірісіп, үлкенге құрмет, кішіге үлгі боларлық әрекет көрсетті. Көрсетілген көмектің маңызын ауыл тұрғыны да ерекше атап өтті.

– «Бүгінгі жастардың қолынан келген көмегі мені өте риза етті. Ауламды тазалап, тұрмысымды жеңілдеткендері үшін алғысым шексіз. Осындай игі іс-шаралар жүрекке жылулық сыйлайды және қоғамдағы адамдар арасындағы байланысты нығайтады», – дейді Шақаман ауылының тұрғыны.

Акцияның тәрбиелік мәні мен әлеуметтік маңыздылығына Жаңасемей ауданы Жастар ресурстық орталығы да ерекше мән беріп отыр.

– «Біздің басты мақсатымыз – жастарға әлеуметтік жауапкершілікті сіңіру және оларды қоғамға пайдалы істерге баулу. Бұл акция тек қана қарияларға көмек көрсету емес, сонымен қатар жастарға адамгершілік, мейірімділік және қоғамға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу ісі болып табылады», – дейді Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Айтқожа Еркеназ.

Мұндай игі бастамалар қоғамдағы ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайтып, жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Қарттарға көрсетілген әрбір көмек – үлкенге құрметтің, ал жастар үшін өмірлік құндылықтарды бойына сіңірудің жарқын көрінісі. Осындай қайырымдылыққа негізделген акциялар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деп күтілуде

*Өз тілшіміз*

Заң және тәртіп

## ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС-ҚОЛЖЕТІМДІ ФОРМАТТА

**Жаңасемей ауданының әкімдігінде «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында аудан тұрғындарына арналған «Құқықтық дәріхана» акциясы ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның басты мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, тұрғындардың өзекті мәселелеріне жедел әрі нақты жауап беру, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы ашық байланысты нығайту.**

Акция барысында аудан тұрғындары жеке мәселелері бойынша жауапты мемлекеттік органдардың өкілдеріне тікелей жүгініп, өздерін толғандырған сұрақтарға нақты әрі кәсіби кеңес алу мүмкіндігіне ие болды. Іс-шараға құқық қорғау органдарының, әлеуметтік сала, жер қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жұмыспен қамту және басқа да салалар бойынша жауапты мекемелердің мамандары қатысты. Олар азаматтарды жеке қабылдап, әрбір мәселені заң аясында түсіндіріп, оны шешудің нақты жолдарын



ұсынды. «Құқықтық дәріхана» акциясының ерекшелігі – шалғай ауыл тұрғындарының да назардан тыс қалмауы. Ауданның алыс елді мекендерінде тұратын азаматтар Zoom платформасы арқылы онлайн форматта қосылып, өз сауалдарын қашықтан қою мүмкіндігіне ие болды. Бұл формат ауыл тұрғындары үшін өте қолайлы болып, уақыт пен жол шығынын үнемдеуге септігін тигізді. Онлайн байланыс арқылы қойылған сұрақтарға да сала мамандары тарапынан толық әрі мазмұнды жауаптар берілді.

Іс-шара барысында тұрғындар жер мәселесі, әлеуметтік төлемдер, зейнетақы мен жәрдемақылар, тұрғын үй алу тәртібі, еңбек қатынастары, алимент өндіру, сот шешімдерінің орындалуы секілді күнделікті өмірде жиі кездесетін мәселелерді көтерді. Мамандар әрбір өтінішті мұқият тыңдап, заң талаптарына сәйкес түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мұндай акциялар «Заң мен тәртіп» қағидаттарын қоғамда кеңінен насихаттауға, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Құқықтық дәріхана» форматы алдағы уақытта да жалғасын тауып, аудан тұрғындары үшін тұрақты құқықтық көмек алаңына айналмақ. Жалпы, аталған акция тұрғындар тарапынан оң бағаланып, халықтың құқықтық мәселелерін ашық әрі қолжетімді форматта шешудің тиімді тетігі екенін көрсетті. Осындай бастамалар арқылы мемлекет пен азамат арасындағы өзара түсіністік пен сенім арта түсетіні анық.

*Еркеназ АЙТҚОЖА*

## ҚАУІПСІЗДІК

# АЛАЯҚТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

**Жаңасемей ауданының жастар орталығы аудандық прокуратура қызметкерлерімен бірлесе отырып, «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында жастар арасында интернет алаяқтықтың алдын алу, суицидтің профилактикасы және этика мәселелеріне арналған ақпараттық-түсіндіру кездесуін ұйымдастырды.**



Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оларды интернет кеңістігінде кездесетін қауіп-қатерлерден сақтандыру, сондай-ақ қоғамдағы жауапты мінез-құлық пен заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру болды. Кездесу барысында аудандық прокуратура қызметкерлері интернет алаяқтықтың кең таралған түрлеріне тоқталып, жеке деректерді қорғау, күмәнді сілтемелер мен хабарламалардан сақ болу жолдарын нақты мысалдар арқылы түсіндірді. Сонымен қатар, суицидтің алдын алу бағытында жастардың психологиялық денсаулығына мән беру, қиын жағдайға тап болған кезде көмек сұраудан қашпау және тиісті мамандарға жүгінудің маңыздылығы айтылды.

Шара аясында этика мәселелері де кеңінен қозғалды. Жастарға қоғамдағы өзара сыйластық, жауапты мінез-құлық, әлеуметтік желілерде мәдениетті сақтау және заң талаптарын бұзудың салдары жөнінде жан-жақты ақпарат берілді. Кездесу соңында Жаңасемей ауданының аға прокуроры шараның маңыздылығына тоқталып, жастармен осындай ашық форматтағы кездесулердің алдын алу жұмыстары үшін аса маңызды екенін атап өтті:

«Қазіргі таңда интернет алаяқтық, суицид және жастар арасындағы этикалық нормалардың сақталмауы – қоғамды алаңдататын өзекті мәселелердің бірі. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық санасын қалыптастырып, өз құқықтары мен міндеттерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Әрбір жас заңды біліумен қатар, оны өмірде дұрыс қолдана білуі тиіс. Прокуратура органдары алдағы уақытта да жастармен тығыз байланыста жұмыс істеп, құқықтық түсіндіру шараларын жалғастыра береді», – деді ол.

Іс-шара барысында жастар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты әрі пайдалы жауап алды. Қатысушылар мұндай кездесулердің маңыздылығын атап өтіп, алдағы уақытта да жалғасын табуына ниет білдірді.

*Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ*

## КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

**Ертіс ауылдық округінде қыс мезгілінде тұрғындардың қауіпсіздігі мен көлік қозғалысының үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында көшелерді қардан тазалау жұмыстары тұрақты түрде атқарылуда. Қалың қардың жиналуына байланысты округ аумағындағы негізгі және ішкі көшелерде арнайы техниканың көмегімен тазалау шаралары күшейтілді.**

# ҚАР ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Қар тазалау жұмыстарына қажетті арнайы техника жұмылдырылып, жолдардың ашық күйде сақталуына ерекше назар аударылуда. Бұл шаралар тұрғындардың күнделікті қатынауын жеңілдетіп қана қоймай, жедел қызметтердің кедергісіз қозғалуына да мүмкіндік береді. Әсіресе, әлеуметтік маңызы бар нысандарға апаратын жолдар мен қоғамдық көлік жүретін бағыттар бірінші кезекте тазалануда. Округ әкімдігі тарапынан қысқы маусымдағы ауа райының қолайсыздығын ескере отырып, қар тазалау жұмыстарының уақытылы әрі сапалы орындалуы қатаң бақылауға алынған. Мамандар жол қауіпсіздігін сақтау және тұрғындардың шағымдарының алдын алу мақсатында жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Атқарылып жатқан шаралар қыс бойы жалғасып, округ аумағындағы жолдардың ашық әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз етуге бағытталмақ. Жергілікті тұрғындар да жүргізіліп жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, көрсетіліп жатқан қызметтің маңыздылығын атап өтуде.

*Еркеназ АЙТҚОЖА*

## ШАРУАШЫЛЫҚ

# ҚОЖАЛЫҚТАРДЫ АРАЛАДЫ

**Абыралы ауылдық округінің әкімі округ аумағында орналасқан шаруа қожалықтарын аралап, қысқы кезеңге байланысты атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.**



Аралау барысында шаруалардың күнделікті жұмысы, мал қыстату жағдайы және алдағы қыс маусымына қатысты жоспарлары назарға алынды. Сапар барысында әкім шаруа қожалықтарының басшыларымен кездесіп, мал шаруашылығындағы қазіргі ахуал, жем-шөп дайындау, қора-жайлардың жағдайы және еңбек процесі туралы пікір алмасты. Сонымен қатар, шаруаларды толғандырған өзекті мәселелер мен ұсыныстар тыңдалды.

Ауылдық округ әкімі қыс мезгілінде малды күтіп-бағу, қауіпсіздік шараларын сақтау және ветеринариялық талаптарға мән беру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығын дамыту бағытында жергілікті атқарушы органдар тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары жөнінде ақпарат берді.

Кездесу қорытындысында шаруалар мен әкімдік арасында өзара түсіністік орнап, алдағы уақытта да осындай кездесулердің жалғасатыны айтылды. Мұндай сапарлар ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді дер кезінде анықтауға және шаруалармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік бермек.

*Өз тілшіміз*

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

# БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

**Ағымдағы жылы Достық ауылдық округінде Жаңасемей ауданының мансап орталығы мамандарының қатысуымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды.**

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – жұмыссыз азаматтарды қолдау, оларды жұмыспен қамту мүмкіндіктері туралы кеңінен ақпараттандыру және еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты үйлестіру.

